

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 04/21 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 наурызда № 3699 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 20/25 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімдігінің 21.07.2016 № 20/25 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жезқазған қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары З.Д. Ақылбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Б. Ахметов

Жезқазған қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 16 ақпандағы
№04/21 қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)
---	---	---	--	--	--

	т ү р і	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	балабақша	2085	0	19126	0	7800	0	19126	0
2	мектепке дейінгі шағын орталық	165	0	15305	0	7800	0	15305	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК